

С.А. Тулеубаева¹ , Ж.М. Сабитов² , А.М. Ташкараева^{2*} 

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

(E-mail: samaltu@mail.ru; babasan@yandex.ru; assel_muxtarovna@mail.ru)

«Зубдат әл-Фикра» еңбегі 1250 жылдардағы Хулагу Елханның өмірін зерттеудің дереккөзі ретінде

«Зубдат әл-фикра» — XIII ғасырдың екінші жартысындағы Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы саяси оқиғаларды сипаттайтын маңызды шығыстық дереккөздердің бірі. Бұл еңбек Елхан мемлекеті, Мәмлүк Египеті, Рум сұлтанаты мен Жошы ұлысының өзара саяси және әскери қатынастар мен мәдени байланыстарын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Аталған дереккөздердің ерекшелігі оқиғалардың хронологиялық тұрғыдан жүйелі берілуі және авторлық түсіндірменің болуында, соның нәтижесінде ол XIII ғасыр тарихын зерттеуде сенімді әрі мазмұндық тұрғыдан бай дереккөз ретінде қарастырылады. Ғылыми мақалада дереккөзде қамтылған 1250 жылдардағы Хулагу ханның өмірі мен саяси қызметіне қатысты мәліметтер жүйелі түрде талданған. Атап айтқанда, Хулагу ханның билікке келуі, мемлекет құрудағы стратегиялық бағыттары, әскери жорықтарының географиясы мен тактикалық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Сондай-ақ оның Жошы ұлысы, Мәмлүк Египеті және Рум сұлтанатымен саяси және әскери байланыстарының сипаты мен ерекшеліктері зерделенген. Зерттеу барысында дерек мәтініндегі саяси оқиғалардың баяндалу ерекшеліктері мен автордың ұстанымының ықпалы ескеріле отырып, тарихи мәтіндердің интерпретациялық қырлары айқындалды. «Зубдат әл-фикра» мәтініндегі деректер басқа дереккөздермен салыстырмалы түрде талданып, олардың мазмұндық ерекшеліктері мен деректік құндылығы айқындалды. Бұл салыстыру дерек мәліметтерінің шынайылық деңгейін және өзара айырмашылықтарын нақтылауға мүмкіндік берді. Әсіресе, Бағдатты алу оқиғасы, Аббас әулетінің билігінің аяқталуы және Елхан мемлекетінің қалыптасу кезеңіне қатысты мәліметтер талданды. Зерттеу аясында «Зубдат әл-фикрадағы» ғылыми айналымға енгізілмеген деректерге ғылыми талдау жасалды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы «Зубдат әл-фикра» еңбегіндегі бұрын жеткілікті түрде зерттелмеген деректерді ғылыми айналымға енгізу және Хулагу дәуірінің саяси тарихын деректанулық тұрғыда жүйелі қайта пайымдау. Зерттеу барысында аталған дереккөздегі мәліметтер алғаш рет қазақ тіліне аударылып, олардың мазмұндық, хронологиялық және интерпретациялық ерекшеліктері анықталды. Зерттеу нәтижелері Хулагу ханның саяси қызметіне қатысты мәліметтердің хронологиялық дәлдігін нақтылауға және оның Жошы ұлысы, Мәмлүк Египеті және Рум сұлтанатымен қарым-қатынасының сипатын жаңаша көзқарас негізінде ғылыми пайымдауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер XIII ғасырдағы жорықтар мен шапқыншылықтардың аймақтық саяси құрылымдарға ықпалын нақтылауға, саяси үдерістерді қайта қарауға және халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістерді тереңірек түсіндіруге негіз болады. Сол арқылы Елхан мемлекетінің халықаралық қатынастар жүйесіндегі және ислам әлеміндегі орны мен рөлін түсінуге болады.

Кілт сөздер: «Зубдат әл-фикра», Хулагу елхан, Елхан мемлекеті, Жошы ұлысы, Мәмлүк Египеті, Рум сұлтанаты, Байбарс ад-Дауадар, XIII ғасыр деректері, араб дереккөздері, деректану, Бағдаттың алынуы, Аббас әулеті, халықаралық қатынастар.

Кіріспе

XIII ғасырдағы Таяу Шығыс пен Орталық Азия кеңістігі түбегейлі саяси өзгерістермен ерекшеленеді. Моңғол шапқыншылықтарының нәтижесінде қалыптасқан жаңа саяси құрылымдар өңірдегі билік жүйесінің сипатын өзгертіп, халықаралық қатынастардың өзгерісі мен дамуына елеулі ықпал етті. Әсіресе, осы тарихи үдерістердің негізінде қалыптасқан Елхан мемлекетінің құрылуы мен оның ислам әлеміндегі орны ортағасырлық саяси тарихтың маңызды кезеңдерінің бірі ретінде айқындалады.

Аталған кезеңді зерделеуде жазба дереккөздердің рөлі ерекше. Араб және парсы авторларының еңбектері XIII ғасырдағы саяси оқиғалар мен әскери жорықтарды, сондай-ақ, билік құрылымдарының өзгеруі мен дамуын жан-жақты сипаттайды. Солардың қатарында Рукн ад-Дин Байбарс ад-Дауадар әл-Мансуридің «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» еңбегі оқиғаларды хронологиялық

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: assel_muxtarovna@mail.ru

жүйелілікпен баяндауымен және авторлық пайымдаулардың айқындылығымен ерекшеленетін негізгі дереккөздердің бірі. Аталған шығармада Хулагу ханның жорықтары, Бағдат қаласының алынуы және Аббас әулетінің билігінің аяқталуына қатысты нақты мәліметтер жүйелі түрде ұсынылған.

Қазіргі кезеңде ортағасырлық шығыс дереккөздерін жаңа әдіснамалық ұстанымдар негізінде қайта қарастыру, олардың мазмұнын деректанулық тұрғыда талдау және ғылыми айналымға толыққанды енгізу өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, Хулагу хан дәуіріне қатысты мәліметтерді әртүрлі дереккөздерде шашыраңқы және бірқатар жағдайларда бір-біріне қайшы түрде берілуі бұл мәселені кешенді түрде зерттеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Зубдат әл-фикра» еңбегіндегі мәліметтерді жүйелі талдау XIII ғасырдағы аймақтық саяси үдерістердің мазмұны мен сипатын нақтылауға мүмкіндік береді.

Хулагу хан — Шыңғыс ханның немересі, Толу ханның ұлы, XIII ғасырдың екінші жартысында Иран мен Ирак аумақтарында құрылған Елхан мемлекетінің негізін қалаушы. 1250 жылдары ол Таяу Шығыстағы саяси үдерістердің негізгі қатысушысына айналды. Хулагу әскерінің жорықтарының нәтижесінде 1258 жылы Бағдат қаласы алынып, Аббас әулетінің соңғы халифі әл-Мустасим Биллаһ биліктен айырылды. Бұл оқиға исламдық халифаттың саяси жүйесіне елеулі өзгерістер енгізіп, аймақтағы билік тепе-теңдігінің қайта құрылуына ықпал етті.

Рукн ад-Дин Байбарс ад-Дауадар әл-Мансуридің «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» еңбегі осы кезеңнің оқиғаларын егжей-тегжейлі сипаттайтын маңызды тарихи дереккөз. Онда Хулагу әскерінің Бағдатқа бағытталған жорығы, қаланың қоршауға алынуы, шайқастардың барысы және халиф әл-Мустасимнің тағдыры туралы нақты мәліметтер беріледі. Бұл деректер тек әскери іс-қимылдардың сипатын ғана емес, сонымен қатар XIII ғасырдағы саяси байланыстардың ерекшеліктерін, билік құрылымдарының эволюциясын және ислам әлеміндегі саяси-діни тепе-теңдіктің өзгеруін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты — «Зубдат әл-фикра» еңбегіндегі 1250 жылдардағы Хулагу Елханның өмірі мен саяси қызметіне қатысты мәліметтерді деректанулық тұрғыдан талдау және олардың тарихи маңызын айқындау. Бұл зерттеу Хулагу дәуірінің хронологиясын нақтылап, Елхан мемлекетінің қалыптасу кезеңін және оның Жошы ұлысы мен Мәмлүк Египетімен өзара қатынастарын жаңа ғылыми тұрғыдан бағамдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде Рукн ад-Дин Байбарс ад-Дауадар әл-Мансуридің «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» еңбегі алынды. Аталған шығарма белгілі бір деңгейде ғылыми айналымда қолданылғанымен, ондағы Хулагу ханның жорықтары мен 1258 жылғы Бағдаттың алынуына қатысты мәліметтер толыққанды әрі кешенді түрде зерттелмеген. Осыған байланысты, авторлар «Зубдат әл-фикра» еңбегін Елхан мемлекетінің қалыптасу кезеңі мен Хулагу билігінің тарихын сипаттайтын деректанулық тұрғыдан маңызды база ретінде қарастырады.

Зерттеу барысында «Зубдат әл-фикра» дерегіндегі мәліметтердің шығу тегі мен дереккөздік негіздері де назардан тыс қалмайды. Автордың 1250 жылдардағы оқиғаларды қандай тарихи деректер мен ресми хроникаларға сүйене отырып баяндағаны қарастырылады. Бұдан бөлек, Байбарс ад-Дауадардың мәліметтері өз дәуіріндегі басқа деректермен, атап айтқанда Рашид ад-Дин, Ибн әл-Асир және Вассаф еңбектерімен салыстырмалы түрде зерделенеді. Мұндай тәсіл Бағдаттың алынуы мен Аббас халифатының құлауы туралы мәліметтердің нақтылығын, баяндау ерекшеліктерін және авторлық көзқарасты анықтауға мүмкіндік береді.

Аталған еңбек жекелеген зерттеулерде пайдаланылғанымен, ондағы Хулагу ханның әскери жорықтары мен Бағдаттың алынуына қатысты деректер арнайы деректанулық зерттеу нысаны ретінде толық қарастырылмаған. Осыған байланысты ұсынылып отырған зерттеу «Зубдат әл-фикра» дереккөзі негізінде Хулагу ханның саяси қызметін, Елхан мемлекетінің қалыптасу кезеңін және оның көрші мемлекеттермен өзара байланыстарының ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға бағытталған.

Материалдар және әдістер

Бұған дейін «Зубдат әл-фикра» еңбегі дереккөз ретінде XIX ғасырдың аяғынан бастап еуропалық және ресейлік шығыстанушылардың назарын аударған. Алғаш рет бұл еңбектен үзінділерді В.Г. Тизенгаузен 1884 жылы жариялап, оларды араб тілінен орыс тіліне аудару арқылы ғылыми айналымға енгізді [1]. Оның жинақтаған материалдары кейінгі зерттеулер үшін негізгі деректік базаға айналып, XIII ғасырдағы Таяу Шығыс, Иран және Жошы ұлысы тарихын зерттеуде кеңінен пайдаланылды. Аталған бағыттағы зерттеулерді А.А. Порсин [2] жалғастырып, Байбарс ад-Дауадар еңбегіндегі мәліметтерді деректанулық және мәтіндік талдау тұрғысынан қарастырды [3; 29–31].

Зерттеуші «Зубдат әл-фикра» деректерін басқа жазба дереккөздермен салыстыра отырып, Жошы ұлысына қатысты мәліметтердің мазмұндық ерекшеліктерін айқындап, XIII–XIV ғасырлардағы ұлыс ішіндегі саяси үдерістерді қайта пайымдауға мүмкіндік беретін тұжырымдар ұсынды [4; 298–306]. Сонымен қатар А.А. Порсин өзінің бірқатар жарияланымдарында аталған еңбектің жекелеген аспектілерін, оның ішінде дерек мәтінінің құрылымы мен баяндау ерекшеліктерін арнайы талдау жұмыстарын жасаған [5; 298–306].

Зерттеушілер Д.М. Тимохин мен В.В. Тишин өз еңбектерінде А.А. Порсиннің кейбір интерпретацияларына сыни тұрғыдан қарап, дерек мәліметтерін түсіндіруде баламалы көзқарастар ұсынды [6; 391–398]. Бұл еңбектерде «Зубдат әл-фикра» деректерін талдауда деректанулық әдістерді жетілдіру қажеттілігі көрсетіліп, мәтіндегі ақпараттың интерпретациялық сипатына назар аударылады. «Зубдат әл-фикра» дереккөзі белгілі бір деңгейде қарастырылғанымен, оның мәліметтері толық әрі кешенді түрде жүйеленіп, Хулагу хан дәуірінің саяси тарихымен байланыста арнайы зерттеу нысаны ретінде жан-жақты талданған жоқ.

Соңғы жылдары «Зубдат әл-фикра» дереккөзін зерттеу бағытында Ж.М. Сабитов пен С.А. Төлеубаеваның зерттеулері ерекше назар аудартады. Зерттеушілер өз жұмыстарында аталған деректегі мәліметтердің интерпретациясына тоқталып, оның ғылыми айналымдағы қолданылу ерекшеліктерін талдайды. Ж. Сабитов А.А. Порсин еңбегіндегі «Зубдат әл-фикра» деректерінің пайдаланылуын қарастырып, олардың түсіндірілуіндегі әдіснамалық ұстанымдарды саралайды. Дерек мәліметтерінің мазмұндық құрылымын талдау арқылы олардың тарихи шындықты бейнелеу деңгейін бағалауға ұмтылады [7; 552–562]. Сонымен қатар авторлардың бірлескен еңбегінде генеалогиялық мәліметтердің шынайылығы қарастырылып, тарихи деректерді салыстырмалы талдау негізінде бағалау тәсілдері ұсынылады [8; 453–462].

С.А. Төлеубаеваның «Зубдат әл-фикра» еңбегін дербес тарихи дереккөз ретінде қарастыруға бағытталған зерттеуінде Байбарс ад-Дауадар еңбегінің мазмұнын, құрылымын және тарихи маңызын талдап, оны Сұлтан Байбарыс дәуірін зерттеудегі маңызды деректердің бірі ретінде негіздейді. Зерттеуде дерек мәтінінің ерекшеліктері мен оның тарихи ақпарат беру мүмкіндіктері айқындалады, бұл «Зубдат әл-фикраның» шығыс деректері қатарындағы орнын нақтылауға ықпал етеді [9; 96–103].

Сондай-ақ «Зубдат әл-фикра» еңбегін ішінара зерттеген ғалымдардың қатарында Л.В. Воротынцев [10], В.А. Иванов [11], А.С. Шакиева [12] сияқты зерттеушілер бар. Олар еңбектегі баяндау тәсілдерін, исламдық саяси идеология мен хроникалық стильдің ерекшеліктерін сипаттады.

Шетелдік зерттеулердің қатарында Р. Амитай [13], Д.С. Ричардс [14], А. Сидарус [15] және Б.Дж. Уолкердің [16] еңбектерін атауға болады. Бұл зерттеушілер негізінен Мәмлүк Египеті мен Елхан мемлекеті арасындағы саяси және мәдени қатынастарды, сондай-ақ Хулагу дәуіріндегі идеологиялық риториканы қарастырған.

Алайда аталған зерттеулердің басым бөлігі Мәмлүк Египеті тарихы аясында жүргізіліп, Жошы ұлысы мен Елхан мемлекетіне қатысты деректер толыққанды деректанулық тұрғыдан жүйеленбеген. Осыған байланысты, бұл зерттеу Зубдат әл-фикрадағы Хулагу хан дәуіріне қатысты мәліметтерді кешенді талдауға бағытталған.

Зерттеу барысында «Зубдат әл-фикра» дерегіндегі мәліметтердің шығу тегіне де ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, автордың 1250 жылдардағы оқиғалар туралы мәліметтерді қандай дереккөздер мен ресми хроникалардан алғаны анықталып, олардың мазмұндық және идеологиялық сипаты қарастырылады. Зерттеу жұмысы тек аудармамен шектелмей, Байбарс ад-Дауадардың баяндауын өз дәуіріндегі басқа деректермен — Рашид ад-Диннің, Ибн әл-Асирдің және Вассафтың еңбектерімен салыстыра отырып талдайды. Мұндай салыстырмалы талдау әдісі Бағдаттың алынуы мен Аббас халифатының құлауы жөніндегі деректердің нақтылығын, баяндау ерекшеліктерін және автордың көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдістердің ішінде ең алдымен деректің сыртқы және ішкі сын әдістерін атауға болады. Сыртқы сын деректің жазылу тарихын, авторлығын, хронологиялық шеңберін және түпнұсқалық сипатын анықтауға бағытталған. Ішкі сын еңбектің мазмұндық құрылымын, баяндау логикасын және идеологиялық ұстанымдарын айқындауға мүмкіндік береді. Осы әдістер арқылы Хулагу жорықтарының сипатталу ерекшеліктері, автордың көзқарасы мен саяси контексті талданады.

Төменде «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» еңбегінен алынған үзінділердің аудармасы және оларға берілген деректанулық түсіндірмелер ұсынылады. Аударманы орындаған — С.А. Төлеубаева, ғылыми түсіндірмелердің авторы — Ж.М. Сабитов, ал мақаланың құрылымдық бөліктерін әзірлеген — А.М. Ташкараева.

Нәтижелері

656 жылы Хулагудың Бағдат қаласын алуы және 656 жылы мұсылмандардың әмірі, имам әл-Мустасим Биллахтың өлтірілуі туралы дерек.

Сол кезде Хулагу татар әскерімен Бағдат қаласына қарай жорық жасап, оны алу үшін соғыс жүргізді [оның қасында бас қолбасшылардың ішінен Кукаль-ноян, Әлкан-ноян, Кетбұға-ноян, Хуладжу-ноян, Маркадих-ноян және Сугун-ноян болды, ал мәліктердің (билеушілердің) арасынан — Дауд және өз әскерімен бірге Мәлік әл-Курджа қатысты], Байджуға елші жіберіп, оны Рум елінен шақыртты, қоршауды көзімен көріп, әскери көмек көрсету үшін келуді бұйырды. Алайда елшілер келгенде Байджу бірден аттануға шешім қабылдамады, кідіріп, өзімен бірге болған әмірлермен [Арслан Жубан, Сармун-ноян және Анкарат] (бұл мәселе жөнінде) ақылдасты.

Олар Хулагуға барумаудан бас тартты. [Сонда Байджу амалсыз бағынуға және елден шығуға мәжбүр болды, дегенмен ол Хулагуға хабар жіберді], жолда әл-Карасили, күрдтер және әл-Йаруки тайпаларының көптеп жиналғанын, олардың басында Шараф ад-Дин ибн Биляс тұрғанын, әрі олардың өткелді басып алып, жолды бөгеп тастағанын, сондықтан Дияр Бакир шекарасынан шығудың мүмкін еместігін жеткізді. Байжу осылайша өз әрекетін ақтап көрсетуге тырысты, өйткені жорықтан бас тартудың өзге себебін таба алмаған еді. Хулагу бұл хабарды естіген соң, өзімен бірге жүрген әскерден екі түменді жорыққа аттандырды: олардың бірін Кадган, екіншісін Кетбұға-ноян басқарды. Олардың міндеті — жолды ашып, күрдтер мен басқа да қарсылас топтарды тазартып шығу болды.

Берілген үзіндіде Хулагу ханның Бағдатқа жасаған жорығының бастапқы кезеңі және әскери күштердің ұйымдастырылу ерекшеліктері сипатталады. Автор жорыққа қатысқан қолбасшыларды нақты көрсету арқылы моңғол әскерінің иерархиялық құрылымын және оның көпдеңгейлі басқару жүйесін айқындайды. Бұл дерек моңғол әскери аппаратының орталықтандырылған әрі тиімді ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Сонымен қатар Байджудың жорыққа қосылудан бас тартуы мен оның әрекеттерін ақтауға тырысуы моңғол билік жүйесіндегі әскери-саяси қатынастардың күрделілігін аңғартады. Бұл жағдай жеке-ленген әмірлердің дербес позиция ұстану мүмкіндігін және олардың шешімдерінің жорық барысына ықпал ете алғанын көрсетеді.

Үзіндіде көрсетілген күрдтер мен жергілікті тайпалардың өткелдерді бақылауы әскери қақтығыстарда географиялық факторлардың маңызын айқындайды. Бұл жағдай Хулагу әскерінің қозғалысының қарқынына тікелей әсер етіп, жорықтың логистикалық аспектілерінің күрделілігін көрсетеді. Осыған байланысты, Хулагудың қосымша күш жіберуі оның әскери стратегиясының икемділігін және нақты жағдайға бейімделу қабілетін дәлелдейді.

Осы кезде күрдтер мен әл-Карасиль тайпаларына ірі шабуыл жасалды, нәтижесінде Арзынжан тұрғындары олардан қашып, Азун Сур тауына бекінді. Татар әскері Арзынжанға жеткен соң, қаланы басып алып, Камахты қоршауға алды, күрдтерді талқандап, тұтқынға түсіріп, көбін өлтірді. Кадган мен Кетбұға сол жерде Байжу, Ходжа-ноян және олардың серіктері келгенге дейін қалды. Бұдан кейін олардың барлығы бірігіп, Хулагуға қарай жол тартты. Байжу және онымен бірге болған әскер Бағдаттың батыс жағына, ал Хулагу өз қолымен қаланың шығыс жағына орналасты. Олар Бағдатты бұрын-соңды болмаған қоршауға алды.

Олар қаланы толық қоршап, айналасына шатырларын тіккен кезде, Бағдаттың әскері өздерінің саны мен қару-жарағымен, жиналған қосындарымен және көмекші күштерімен бірге оларға қарсы шықты. Әскердің басында дауадар Муджахид ад-Дин Айбек тұрды. Ол үлкен бедел мен құрметке ие еді және он мың салт аттыдан тұратын әскерді басқарды. Халифа оған татарлармен шайқасуды бұйырды [татар әскерін Сугун Джак өз түменімен басқарды]. Олар [Мұсылмандармен бетпе-бет келген кезде, татарлар жеңіліске ұшырап] шегінуге мәжбүр болды. Дауадар әскерімен оларды күні бойы қуып, көбісін қырып-жойды.

Түн түсіп, қараңғылық орнағанда, мұсылмандар қуғынды тоқтатты. Олар жеңіске жетіп, жауларын толық талқандадық деп ойлады. Алайда, таңертең татарлар күтпеген жерден қайта оралып, оларға тұтқиылдан шабуыл жасап, жеңіліске ұшыратты. Себебі мұсылман әскерінің басым бөлігі түнде жеңісіне сеніп, қалаға кіріп кеткен еді. Осы соғыста олар күйрей жеңіліп, Бағдатқа шегінді. Сол түні қалада бөгет бұзылып, Тигр өзенінің суы тасып, көшелер мен өткелдерді басып қалды, кейбір жауынгерлер суға ағып мерт болды. Мұның бәрі тағдырдың жазмышы мен Жаратқанның еркі еді. Татарлар Муджахид ад-Дин Айбек ад-Дауадарды, оның бес мың салт атты сарбаздың қолбасшысы

болған ұлы Асад ад-Динді, сондай-ақ Сүлеймен шахты [бен Барджам], халифаның ту ұстаушы әмірін, бірнеше бағдаттық әмірлер мен таңдаулы жауынгерлерді өлтірді.

Берілген үзіндіде Хулагу әскерінің Бағдатқа жорығының шешуші кезеңдері және қоршау тактикасының жүзеге асырылу ерекшеліктері көрсетіледі. Автор Арзынжан мен Камах өңірлеріндегі қақтығыстарды сипаттау арқылы моңғол әскерінің стратегиялық маңызды аймақтарды кезең-кезеңімен бақылауға алып, қарсылас күштерді әлсіретуге бағытталған жүйелі әрекеттерін айқындайды. Сондай-ақ Бағдатты қорғауды ұйымдастырылуы мен халифа әскерінің қарсылығы да ашып көрсетілген. Мұнда Муджахид ад-Дин Айбектің қолбасшылық рөлі мен оның әскерінің шайқастағы басымдығы атап көрсетілген. Алайда автор кейінгі оқиғаларда соғыс барысының күрт өзгеруіне назар аударып, татар әскерінің қайта шабуылы қарсыласын жеңіліске ұшыратқанын көрсетеді.

Олар көптеген адамды тұтқынға алды. Ал әлгі үшеуінің бастарын алып, Мосул қаласының қақпасына іліп қойды, бұл әрекет қала билеушісін қорқыту және тұрғындарын үрейлендіру мақсатында жасалған еді. Бағдат халқы үлкен қасірет пен ауыр сынаққа тап болды. Олар жайында Ұлық Алла Тағала өзінің Қасиетті кітабында айтқанындай: «Екі уәденің алғашқысы келген кезде, Біз сендерге қарсы жауынгер құлдарымызды жібердік, олар жерлерді кезіп өтті. Осылайша уәде орындалды». Халифа қатты қорқып, өз ақырын сезе бастады:

Ол не істеу керегін білмей, абдырап қалды, Игілік алдында ма, әлде артта қалды ма?

Бағдат қаласының қақпалары жабылды, татарлар оны төрт тараптан қоршап, қоршауға алды. Кейін күшпен қақпаларды бұзып, сол жылдың мухаррам айының жиырмасыншы таңында қалаға кірді. Олар қала тұрғындарын қылыштың жүзімен қырды, оларға өлім тостағанынан ең ащы сусын ішкізді, жесірлер мен жетімдердің санын көбейтті, кәрі шалға да, сәбиге де мейірім танытпады.

Бұл жерде автор Бағдат қаласының қоршауға алынуы мен тұрғындарының жағдайы, тұтқындардың жазалануы толықтай көрсетілген. Әдетте мұндай әрекеттер қарсы тараптың рухын әлсіретуге бағытталған құрал ретінде қолданылған және ортағасырлық әскери тәжірибеде кеңінен қолданылған тәсілдердің бірі. Мәтінде Бағдат халқының күйзелісі мен үрейі діни тұрғыдан түсіндіріліп, Құран аяттарына сілтеме жасау арқылы оқиғалар тағдырдың жазуы ретінде түсіндіріледі. Мәселен, мұндай түсіндірулер Рашид ад-Дин секілді ортағасырлық мұсылман авторларының еңбектерінде кездеседі.

Әл-Мустасим Биллаһ тұтқындалып, Хулагуға жеткізілді. Хулагу оны қапқа салдырып, аяқпен тепкілеп өлтіруге бұйрық берді. Бұйрық орындалды, ол болса бақиға аттанып, шәһид болды және мәңгілік мекеніне жетті. Бұл — татарлардың дәстүрі еді: олар патшалар мен жоғары мәртебелі адамдардың қанын төкпейтін. Кейін олар халифтың сарайындағы әйелдері мен қыздарын тұтқындап, қорлады, әйелі әл-Адрды және гаремін өртеп жіберді, ал күндер мен қызметшілерін олжа етті.

Жау халифаттың қазынасын, байлығын, алтын-күмісін және асыл тастарын қолға түсірді. Бағдат қаласын және ондағы мол дүние-мүлікті, сирек кездесетін асыл бұйымдар мен сән-салтанатты заттарды тонап, есепсіз олжаға кенелді. Бағдат қаласы — бейбітшіліктің мекені, исламның қасиетті ордасы, Амир әл-му’минин (мүміндердің әмірі) мекендеген орын, мұсылмандардың ұйытқысы, шаһарлардың інжу-маржаны, саудагерлер мен білім иелерінің орталығы, атакты тұлғалар мен өнер иелері, кәсіпкерлер мен сауда жасаушылар тоғысқан қала еді. Сан түрлі қауым мен бірлестіктер осында шоғырланған, оның көшелері мен алаңдары өмірге толы болатын. Алайда тағдыр тәлкегімен оларды апаттың тісі мүжіп, зұлматтың таяғы талқандады.

Бұл оқиға — ең ащы оқиғалардың бірі, ал бұл қасірет — тарихтағы ең ұлы апаттардың бірі болды. Болған мен болашақтың әміршісі — Алла Тағала, барлық іс Оның құзырында, әрі Оған мәңгілік мадақ болсын.

Берілген үзіндіде халиф әл-Мұстасим Биллахтың өлімі мен Бағдаттың күйреуі автор тарапынан моңғолдардың саяси-әскери дәстүрімен байланыстыра отырып, түсіндіріледі. Халифтің «шәһид» ретінде сипатталуы оқиғаға белгілі бір идеологиялық және діни мән береді. Үзіндідегі Бағдаттың тоналуы, сарайлардың талқандалуы және тұрғындардың тағдыры арқылы автор жеңілістің ауқымын көрсетуге тырысады. Ал, Бағдаттың «исламның ордасы» және «шаһарлардың інжу-маржаны» ретінде сипатталуы оның мәдени және өркениеттік маңызын айқындайды. Осы оқиғаның «тарихтағы ең ұлы апаттардың бірі» ретінде бағалануы және оның Жаратушы Алланың еркімен байланыстырыла түсіндірілуі ортағасырлық мұсылман тарихнамасының дүниетанымдық негіздерін көрсетеді.

Айтылғандай, оның өлтірілуі аталған жылдың мұхаррам айында болған, сол кезде ол және оның ұлдары қаза тапқан. Оның әл-Мубарак есімді бір ұлы тірі қалып, Хулагу оны өзімен бірге алып

кеткен. Бағдатта шамамен екі мың (екі миллион) үш жүз мыңдай [отыз мыңдай адам] жауынгер, қызметші, танымал тұлға және қарапайым халық қырғынға ұшырады. Әл-Мустасим Биллаһтың халифаты он алты жыл және бірнеше айға созылды. Бағдаттағы халифат билігі осымен аяқталып, бұл елдегі имамат тоқтады.

Олардан кейін мінберлер мен тақтар бос қалды.

Ажал жеткенше тыныштық болсын.

Олар қала ішінде де, оның маңайында да жеті күн бойы қылыш сермеп, қаншама адам қырылды — төгілген қанның мөлшерін бір Алла ғана біледі [Қаншама елдімекен күлге айналып, талай гүлдей жүздер шаңға көмілді. Бағдат — көз алдыда құрып бара жатқан қирандыға айналды, Ол туралы былай айтылған:

Бұл мекен енді ешкімнің ниет еткен мақсаты болмағандай,

Байтақ даласында қайнаған өмір мен думан-тойдың ізі де жоғалғандай.

Жауға аттанған тұлпарлардың дүбірі де естілмейді.

Жайлауда жаз қызығын көрген де, көктем көркін тамашалаған да бұл жерде енді ләззат таппайтындай.

Бұрынғыдай топтасқан халық та, жиналған жиын да көрінбейді.

Мінберден шешеннің сөзі естілмей, ізденушіге ғибрат айтқан ғалымның үні де тынды.

Бұл көрініс — парасат иелеріне ғибрат, ақыл иелеріне тежеу мен ескерту болды].

Сегізінші күні Хулагу қылыштарды қайта сермеуге бұйрық берді, бұл жұрттың ашу-ызасын туғызды. Ал сол күндері уәзір қызметін атқарған Муаййид әд-Дин Мұхаммед ибн әл-Алькамиге келсек, Хулагу оны өзіне шақыртып, істеген істерінің терістігі мен нәпсісінің бұзылғаны, байлыққа құмарлығы үшін қатал жазалады және осы істерінің өтеуі ретінде оған қатаң ескерту жасатып, азапқа салуға бұйрық берді.

Ол кешірім сұрап, өзінің бар байлығын және Ирактан жинайтын алым-салықты беруге уәде етті. Алайда Хулагу оның бұл өтінішін қабылдамай, ұсынысын кері қайтарды. Уәзір қатігездікпен көз алдында өлтіріліп, ажалдың ащы дәмін татты. Алла оны өзі қазған құдыққа тастатты... Дәл сол адам Хулагудың Бейбітшілік мекеніне жорық жасап, исламның қасиетті ордасын қорлауына себеп болған негізгі тұлғалардың бірі еді.

Ол Хулагуға бірнеше рет хат жолдап, оны үлкен әскермен жорық жасауға үгіттеді, жеңіс пен көмек болатынын уәде етіп, қоныс пен тыныштық табатынына сендірді. Мұның себебі — оның шиит болуы еді, ал шииттер Бағдаттың батыс бөлігіндегі әл-Карх ауданында тұратын. Сол ауданның тұрғындары халифа әл-Мустасим Биллаһқа қарсы әрекет жасап, соның нәтижесінде халифа оларды тонауға жарлық шығарды. Бұл жағдай әл-Алькамидің жүрегіне қатты әсер етіп, күйзеліске түсті. Имамат қауымына деген өшпенділік пен ашу оны Хулагуға хат жазып, оның назарын Ирак жеріне аударуға итермеледі. Ол Хулагу өзіне тиіспейді, тіпті жақсы қарар деп ойлаған, алайда Хулагу оны зұлымдықпен өлтіріп, ауыр сөздермен балағаттады. Аталған уәзір Хулагуды шақыруға бел бұғанда, ол өз құпиясын ашып, Ирбиль билеушісі Сахиб Тәж ад-Дин ибн ас-Салаяға хат жазды. Оның хатында былай делінген: «Мұхаммад әл-Альками түнгі намаз бен ізгі мадақ арқылы құлшылық етуде. Ол ежелгі даңқының биігіне жету үшін осылай қызмет етті. Оның еңбектері егжей-тегжейлі баяндауды қажет етпейді. Мырзасы ауыр халге, таршылық пен сынаққа тап болған сәтте, оған қызмет етуден бас тартты және Алла Тағаладан оның өмірін рақымынан айырмауын тілеп дұға жасады... Ол ұлы әл-Карх аймағын тонады, Пайғамбардың (с.ғ.с.) қасиетті жайнамазын аяқасты етті. Олар хашимиттер әулетін (Әл-Хашими әулеті) тонап, алави әулетінің адамдарын тұтқынға алды. Осы тұста Ғазийя тайпасынан шыққан бір адамның сөзін келтіру орынды:

Ақымақтар күліп қарайтын істер бар,

Ал ақылды адам олардың зардабына жылайды.

Бұл үзіндіде Бағдаттың құлауынан кейінгі саяси және әлеуметтік салдары, Аббас әулетінің билігінің толықтай жойылуы сипатталады. Мұнда Халиф әл-Мустасим Биллаһтың өлімі мен халифаттың тоқтауы ислам әлеміндегі билік құрылымының түбегейлі өзгеруіне алып келген тарихи бетбұрыс ретінде көрсетілген. Бұл оқиға 1258 жылға (х.ж.с. 656 жыл) сәйкес келеді.

Негізінен Бағдаттың күйреуі мен оның мәдени-өркениеттік орталық ретіндегі маңызын жоғалтуы аймақтық саяси теңгерімнің өзгеруіне, соның ішінде Мәмлүк Египетінің күшеюіне және моңғол билігінің Таяу Шығыста орнығуына ықпал етті.

Олардың алдында Хусейннің (оған Алланың сәлемі болсын!) мысалы бар — оның қасиетті мекені тоналып, қаны төгілді, алайда бұл үшін ешкім кек алмады:

Мен оларға иіле бұрылып бұйрық бердім,
Бірақ олардың санасына ертеңгі таң атпай-ақ ақиқат нұры жетпеді.

Сөйтіп олар шешім қабылдады. Алла олардың бұл шешімін жүзеге асыртпасын, елді тонау мен жаулап алу ниеттерін орындатпасын! Алайда олардың өздерінің көңілінде жаман ой пайда болды. Сабыр — ең көркем қасиет. Құл оларға ескерту жасап, қолынан келгенше тосқауыл болды. Ол жасырын түрде хат жолдап, ашық түрде де оларға үн қатты:

Мен күл-қоппардың үстінде жалынның жалт еткенін көремін,
Жарық от өртке айналуға дайын.

Егер ел даналары оны сөндірмесе,
Оның жалыны мәйіттер мен отынға айналар.

Мен таңдана отырып айттым: өлеңім сана шырағын жақса ғой,
надан мен ұйқыдағы жанды оятып, шіркін!

Ол құлдың жазған хатынан кейін жауап ретінде былай деді: Шииттердің бәрін кемсіту мен өлтіру, соңын өртеп, айыптауларды жою — бұл болмашы-ақ іс. Енді біз не айтсақ та, тыңда да, бұйрығымызға бағын. Әйтпесе, біз саған өлім суын ішкізерміз. Сенің сөзің — өз сөзің, сенің тыныштығың — өз тыныштығың! Біз сені Бағдатта жарғақ бастың қынадай жұқартып тастаймыз, қолы жоқтың сақинасы секілді әлсіз қылармыз; сен философтарша заң шектеулерін елемей, ауыл халқының мінезінің сырын іздейтін боласың:

Уәзір өз күшіне және өшіне риза болды,
Өлең мен прозамен толтырылған жолдарды үйіп қойып,
Құмырсқадай үні бар көкқұс секілді сайрап,
Оған бағынатын тыйым да, бойсұнатын бұйрық та жоқ сияқты.

Ал мен сөзсіз әл-Мутанаббидің қосымшаларында жазылғанындай іс жасаймын:

Адам ашу үстінде қаламға қол созғанда,
Оның сиясынан тілек пен ызаның суы қатар төгіледі.
Сол қалам арқылы олар мыңдаған жауын қылышсыз-ақ жеңеді,
Өткір ұшына жетпегенді — ақыл мен сөздің күшімен бағындырады.

Біз сөзсіз оларға қарсы тұра алмайтын әскермен жетіп, оларды міндетті түрде бағындырамыз да, олар қорланатын болады:

Мұхаммед әулетінің жасырын сырларын саған сеніп тапсырамын,
Егер сен оны адал сақтаушы бола алсаң ғана.

Егер таң атқанда да, кеш батқанда да екі ғаламшардың
Тұрақты жұлдыз төңірегінде қосылып тұрғанын көрсең —
Сол сәтте Мұхаммед әулетінің намысы өз кегін алар,

Олардың дұшпандарының талап етуі үзілер,
Баяғы дұшпандықтың зардаптары тарқар.

Айтқан сөзіме мұқият назар аудар, сондай-ақ «ән-Нахль» сүресінің басына және «Сад» сүресінің соңына қара, онда осы туралы айтылған:

Түннің қараңғылығына қарамастан жебелер нысанасын мүлт жібермес,
Егер оларды құлдық мойынсұнуың кермесінен тартсаң.
Олар дәл тиген жерінде жанды сөндірер,
Сауыт-сайманды да қақ жарып өтер —
Және сен сол жебелермен... сауыттарды да тесіп өтесің.

Жауап — сен оқығаннан емес, көргеннен табылады. Тыныштық болсын!

Хулагу Машриктан шығып, Хорасан мен парсы елдеріне бет алды, ондағы мақсаты Аламут әмірі Әла ад-Динмен кездесіп, дінсіздерді жою еді. Тағдырдың жазуымен, әлгі уәзірдің іс-әрекеттері арқылы жоғарыда аталған оқиғалар жүзеге асты. Сол кезде Хулагу Бағдаттан кетер алдында қаланы өртеп жіберуді ойлады. Бірақ Кетбұға ноян оған былай деді: «Бұл қала — қалалардың анасы, саудагерлер тоғысқан орын. Егер мәлік оны сақтап қалса, одан көп олжа табады». Сонда Хулагу қалаға өшпенділікпен қараса да, оны сақтап қалуды жөн көріп, одан соң Евфратқа қарай бет алды.

Берілген үзіндіде автор тарихи оқиғаларды поэтикалық және діни-идеологиялық тәсілдер арқылы жеткізеді. Уәзірдің әрекеттерін сипаттауда оның саяси шешімдерге ықпал етуші тұлға ретіндегі рөлі көрсетіліп, оқиғалардың дамуы белгілі бір дәрежеде жеке тұлғалардың іс-әрекеттерімен байланыстырылып түсіндіріледі. Хулагудың жорығы мен Бағдаттың күйреуінің «тағдыр» арқылы негізделуі тарихи процестерді теологиялық тұрғыдан пайымдау дәстүрін көрсетеді.

Ал Кетбұға ноянның кеңесі арқылы қаланы сақтап қалу шешімінің берілуі моңғол билігінің тек қиратушы емес, сонымен қатар экономикалық және стратегиялық мүдделерді ескеретін прагматикалық саясат жүргізгенін айқындайды.

Татарлардың Мияфаркин қаласын басып алуы туралы мәлімет

Сол уақытта Хулагу өз әскерінің бір бөлігін Сартак ноян мен Қатган ноянның қолбасшылығымен Мияфаркин қаласына аттандырды. Ол жерде аййубилер әулетінен шыққан әмір — әл-Мәлик әл-Кәмил Насыр ад-Дин Мұхаммед ибн әл-Мәлик әл-Музаффар Шихаб ад-Дин Ғази ибн әл-Мәлик әл-‘Адил Сайф ад-Дин Әбу Бакр ибн Аййуб болатын. Татарлар қаланы барлық жағынан қоршап, оған қарсы катапульталарды орналастырды.

Қаланың тұрғындары қарсыласып, берілуден бас тартты. Олар ұзаққа созылған қоршауға да, аштыққа да төзді, алайда ашыққандары соншалық, өлексе, жұмыс малы мен иттерді жеуге дейін барды. Уақыт созылған сайын, олардың төзімі мен күш-қуаты әлсіреді. Сол кезде татарлар қаланы басып алып, жаулап алды. Қала екі жыл бойы қоршауда тұрды. Олар көптеген тұрғындарды қырып, тірі қалғандарын тұтқынға алды, ал қорғаушылары ұзақ соғыс пен ауыр шайқастан қаза тапты. Ал тірі қалғандары тұтқынға түсті. Қаланың билеушісі әл-Мәлик әл-Кәмил және оның тоғыз мәмлүгі тұтқындалып, Хулагуға жеткізілді. Жеткізілісімен, Қара Сұңқар есімді бір мәмлүктен басқасының бәрі өлтірілді. Хулагу оны тірі қалдырды, себебі ол тұтқындарға олардың лауазымдарын сұрағанда, әлгі мәмлүк өзін әмір әл-шикар деп таныстырды. Сонда Хулагу оған бірнеше қыран құстар беріп, өз қамқорлығына алды. Кейін ол Аз-Захир сұлтанының билігі кезінде Мысыр жеріне тап болды. Сұлтан оған жер иелігін (икта) беріп, оны әскери бөлімнің басшысы етіп тағайындады. Мияфаркин билеушісі (Алла оған рақым етсін!) тақуа да білімді әдебиетші еді. Ол жақсы өлеңдер жазған, соның ішінде мына шумақтар оған тиесілі:

Қарап тұрсаң, жалған дүние сұрағанымды сыйап тұр,
Ал менің мұраттарым — жұлдыздардан да биік.
[Егер ажалдың жаршысы қарсы шыкса да,
Қай мейірбанды қайғы жасы азаптай алмақ?]
Өлімді сағатына бір еске алған жан
Оны досындай қабылдап, қасіретін жеңілдетпек.
Таң қаларым, ақылдының бұл дүниеден өтерде
Жоғалтар дәулетіне еш өкінбеуі ғана.

Мияфаркин қаласының екі жылға созылған қоршауы, тұрғындардың аштық жағдайына қарамастан қарсылық көрсетуі — оқиғаның әлеуметтік дағдарыс деңгейіне жеткенін аңғартады. Бұл мәселе жекелеген тұлғалардың тағдыры арқылы жандандырыла түседі. Ерекше назар аударатын жайт — тұтқынға түскен мәмлүк Қара Сұңқардың тағдыры. Оның өзін «әмір әл-шикар» деп таныстыруы арқылы аман қалуы және кейін Мысырда жоғары қызметке жетуі моңғол билігінің белгілі бір дәрежеде прагматикалық сипатта болғанын көрсетеді.

Яғни, автор бұл оқиғада тек бір қаланың құлауын сипаттап қана қоймай, моңғол жорықтарының әскери тактикасын, қоғамның күйреуін, сондай-ақ сол дәуір адамдарының дүниетанымдық көзқарасын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл дереккөздің ерекшелігі де осында, ол тарихи оқиғаларды тек баяндаумен шектелмей, оларды адам тағдыры мен мәдени контекст арқылы жеткізеді.

Талқылау

Жоғарыдағы «Зубдад әл-фикра» еңбегінен берілген үзінділер жалпы XIII ғасырдағы моңғол жорықтарының Таяу Шығыс аймағындағы саяси, әскери және әлеуметтік салдарын бейнелейді. Бұл мәтіндерде жалпы осы кезеңдегі оқиғалардың барысы мен әскери әрекеттерінің сипаты және олардың салдары көрініс тапқан. Әсіресе, Хулагу ханның Бағдатқа жасаған жорығы мен 1258 жылғы Аббас әулетінің билігінің аяқталуы жөнінде нақты, әрі оқиға желісін кезең-кезеңімен суреттейтін дерек ретінде ерекшеленеді.

Бағдат пен Мияфаркиннің құлауы, халифат билігінің тоқтауы және қалалардың күйреуі арқылы аймақтағы саяси құрылымдардың түбегейлі өзгергені көрсетіледі, бұл өз кезегінде Мәмлүк Египетінің күшеюіне және моңғол билігінің орнығуына алып келді. Сол себепті аталған дереккөзді талдауда оның тарихи маңызымен қатар авторлық көзқарас, риторика және конфессионалдық

факторлар да ескерілуі қажет, бұл оны деректанулық тұрғыдан құнды әрі күрделі зерттеу нысаны ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мәтіндік талдау нәтижесінде Байбарс ад-Дауадардың баяндауында екі негізгі сипат байқалды: біріншісі — оқиғаларды куәгер сипатында, нақты хронологиялық тәртіппен баяндауы, екіншісі — ислам өркениетінің рухани және саяси күйзелісін сипаттайтын эмоционалды риторика. Автор Хулагудың Бағдатқа жасаған жорығын «Алланың жазасы» мен «тағдырдың үкімі» ретінде түсіндіре отырып, тарихи процестің моральдық астарын ашады. Бұл — XIII ғасырдағы исламдық деректану дәстүріне тән ерекшелік.

Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды жайт — деректің баяндау құрылымындағы әл-Альками бейнесінің ерекшелігі. Байбарс оны Бағдаттың құлауына алып келген негізгі тұлға ретінде көрсетеді. Бұл жерде автордың шиизмге қатысты ұстанымы мен саяси көзқарасы байқалады. Мұндай баяндау тәсілі ислам әлеміндегі ішкі діни қайшылықтардың тарихи оқиғаларға әсерін көрсету мақсатында қолданылған.

Хулагу ханның Бағдатты қоршауы мен алынуы туралы эпизодтарда дерек оқиғаның әскери және әлеуметтік қырларын егжей-тегжейлі ашады. Автор қаланың жеті күнге созылған қоршауын, тұрғындардың күйзелісін және қырғынның ауқымын сипаттай отырып, Тигр өзенінің тасуы мен қаланың су астында қалуын «тағдырдың жүзеге асқан үкімі» ретінде көрсетеді. Мұндай баяндау тәсілі ортағасырлық исламдық тарихнаманың діни-символикалық сипатымен ұштасады. Сонымен қатар мәтінде Бағдаттағы халиф әл-Мұстасимның тағдыры туралы деректер ерекше назар аударарлық. Байбарстың айтуынша, халифтің өлімі дәстүрлі моңғол әскери рәсіміне сай жүзеге асқан: қан төгілмеу үшін ол қапқа салынып, тапталып өлтірілген. Бұл дерек Рашид ад-Дин мен Вассаф еңбектеріндегі нұсқалармен салыстырғанда шынайылығы жоғары баяндауға ие, себебі Байбарс оқиғаны тікелей замандастарының куәлігі негізінде жеткізген.

Мәтіндегі деректердің тарихи құндылығы оның көпқырлылығында деп бағалауға лайық. Себебі, XIII ғасырдағы тек саяси тарихтың ғана емес, билік идеологиясының, дін мен саясаттың өзара байланысының көрінісін де береді. Мысалы, деректе Бағдаттың «Ислам әлемінің жүрегі», «білім мен сауданың орталығы» ретінде сипатталуы — ислам өркениетінің саяси-рухани орталығының жойылуының символдық мәнін күшейтеді. Деректегі «Алланың жазасы», «халифаттың үкімінің аяқталуы», «қасиетті мекеннің бұзылуы» секілді тіркестер ортағасырлық автордың дүниетанымдық шеңберін айқындайды. Бұл тұрғыда Байбарс ад-Дауадар оқиғаны тарихи баяндаудан гөрі, діни-этикалық сабақ ретінде ұсынған. Мұндай тәсіл исламдық хроникалардың көпшілігіне тән болғанымен, «Зубдат әл-фикрада» ол ерекше көркемдік пен тарихи дәлдікпен ұштасады.

Сонымен қатар зерттеу барысында Байбарс дерегінің мәтіндік ерекшеліктері мен баяндау тіліне де көңіл бөлінді. Ондағы бейнелі сөйлемдер, діни ишаралар мен поэтикалық үзінділер деректің көркем-әдеби қырын аңғартады. Мысалы, Бағдаттың қирауы суреттелген жолдарда автор «қаланың дауысы өшіп, шешендердің үні үзілді, өмір нышаны сөнді» деп бейнелей отырып, тарихи трагедияны мәдени күйреу деңгейінде көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері «Зубдат әл-фикра» дерегін XIII ғасырдағы ислам әлемі мен Елхан мемлекетінің өзара қарым-қатынасын зерттеудегі кешенді деректік база ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Байбарс ад-Дауадар еңбегіндегі мәліметтер арқылы Хулагу ханның саяси стратегиясы, моңғолдардың ислам әлеміне қатысты ұстанымы және Бағдат оқиғасының өркениеттік салдары туралы жаңа пайымдар ұсынылды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде «Зубдат әл-фикра» еңбегінің көпқырлы тарихи маңызы анықталды. Ең алдымен, дерек Хулагу ханның Бағдатты жаулап алуы, моңғолдардың әскери құрылымы мен саяси стратегиясы туралы нақты әрі жүйелі мәліметтерді қамтитын деректік база ретінде анықталды. Діни-поэтикалық және риторикалық тәсілдер арқылы автор ислам әлеміндегі рухани және саяси дағдарысты бейнелеп, ортағасырлық мұсылман тарихнамасына тән ерекшеліктерді көрсетеді.

Деректі басқа замандас авторлардың еңбектерімен салыстыру оның оқиғаларды хронологиялық бірізділікпен және куәгерлік деңгейде баяндауымен ерекшеленетінін көрсетті. «Бұл Зубдат әл-фикраның» деректік шынайылығын арттырып, оны XIII ғасырдағы Таяу Шығыс пен оған іргелес аймақтардың тарихын зерттеуде сенімді дереккөз ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге Бағдаттың құлауы деректе тек әскери оқиға ретінде емес, ислам өркениетінің саяси құрылымындағы түбегейлі өзгерістердің көрінісі ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда,

зерттеу нәтижелері «Зубдат әл-фикраны» өтпелі кезеңнің саяси, әлеуметтік және идеологиялық үдерістерін кешенді түрде бейнелейтін маңызды тарихи куәлік ретінде бағалауға негіз береді.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу «Зубдат әл-фикра» еңбегінің тек Таяу Шығыс тарихы үшін ғана емес, сонымен қатар Жошы ұлысы мен Елхан мемлекеті арасындағы өзара байланыстарды зерттеуде де құнды дереккөз екенін көрсетті. Бұл еңбек ортағасырлық исламдық деректану дәстүрінің мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін айқындай отырып, алдағы зерттеулер үшін жаңа бағыттар ұсынады.

Алғыс білдіру

Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (жоба № AP26103827).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из сочинений арабских / В.Г. Тизенгаузен. — СПб.: Издано на иждивение С.Г. Строганова, 1884. — Т. 1. — 564 с.
- 2 Порсин А.А. История Золотой Орды конца XIII — начала XIV веков в труде Рукн ад-Дина Бейбарса ал-Мансури «Зубдат ал-фикра» / А.А. Порсин. — Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2018. — 276 с.
- 3 Порсин А.А. Источник информации Рукн ад-Дина Бейбарса в освещении им междоусобной войны в Золотой Орде в конце XIII — начале XIV веков / А.А. Порсин // Золотоордынское обозрение. — 2015. — № 4. — С. 29–53.
- 4 Порсин А.А. Следы ранней джучидской историографической традиции в «Зубдат ал-фикра» Бейбарса ал-Мансури и «Чингиз-наме» Утемиша-хаджи / А.А. Порсин // Золотоордынская цивилизация. — 2017. — № 10. — С. 240–246.
- 5 Порсин А.А. Ответ на рецензии Ж.М. Сабитова, Д.М. Тимохина и В.В. Тишина, посвященные книге «История Золотой Орды в конце XIII — начале XIV веков в труде Рукн ад-Дина Бейбарса ал-Мансури “Зубдат ал-Фикра”» / А.А. Порсин // Золотоордынское наследие. — 2021. — С. 298–320.
- 6 Тимохин Д.М. Рецензия на книгу: Порсин А.А. История Золотой Орды конца XIII — начала XIV века в труде Рукн ад-Дина Бейбарса ал-Мансури «Зубдат ал-Фикра» / Д.М. Тимохин, В.В. Тишин // Золотоордынское обозрение. — 2020. — Т. 8, № 2. — С. 391–410.
- 7 Сабитов Ж.М. Интерпретация сведений «Зубдат ал-фикра» в научном труде А.А. Порсина / Ж.М. Сабитов // Золотоордынское обозрение. — 2020. — Т. 8, № 3. — С. 552–562.
- 8 Сабитов Ж.М. Анализ достоверности «курейшитской генеалогии» Идегея из «Джами ат-таварих» Кадыр Али-бека и трактата «О роде князей Юсуповых» / Ж.М. Сабитов, С. А. Тулеубаева // Золотоордынское обозрение. — 2023. — Т. 11, № 2. — С. 453–462.
- 9 Тулеубаева С.А. Труд Эмира Рукн ад-Дина Байбарса аль-Мансури ад-Дауадара «Зубдат аль-Фикра фи тарих аль-хиджра» как важный источник по истории правления султана Байбарса / С.А. Тулеубаева // Вопросы востоковедения. — 2024. — № 1. — С. 96–103.
- 10 Воротынцева Л.В. «Идоша ко Батыеву»: «Ордынская» дипломатия Даниила и Василька Романовичей в 40–50-х гг. XIII в. / Л.В. Воротынцева // Русин. — 2022. — № 70. — С. 54–71.
- 11 Иванов В.А. Золотая Орда глазами современников и очевидцев / В.А. Иванов // Золотоордынское обозрение. — 2023. — Т. 11, № 4. — С. 742–757.
- 12 Шакиева А.С. Исследование истории Улуса Джучи периода независимого Казахстана / А.С. Шакиева // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. — 2022. — № 1 (138). — С. 126–141.
- 13 Amitai R. Al-Nuwayrī as a historian of the Mongols / R. Amitai // The Historiography of Islamic Egypt (c. 950–1800). — Leiden: Brill, 2001. — P. 23–36.
- 14 Richards D.S. A Mamluk Amir’s Mamluk History: Baybars al-Mansuri and the Zubdat al-Fikra / D.S. Richards // The Historiography of Islamic Egypt (c. 950–1800). — Leiden: Brill, 2001. — P. 37–44.
- 15 Sidarus A. The Mamluk historian al-Amīr Baybars al-Manṣūrī al-Dawādār (d. 725/1325) and his Coptic secretary al-Qiss al-Shams Abū l-Barakāt Ibn Kabar (d. 724/1324) / A. Sidarus // American Journal of Humanities and Social Sciences Research. — 2020. — Vol. 4, No. 1. — P. 141–148.
- 16 Walker B.J. Mamluk Investment in Southern Bilād al-Shām in the Eighth/Fourteenth Century / B.J. Walker // Journal of Near Eastern Studies. — 2003. — Vol. 62, No. 4. — P. 241–261.

С.А. Тулеубаева, Ж.М. Сабитов, А.М. Ташкараева

Труд «Зубдат аль-Фикра» как источник по изучению жизни Хулагу Ильхана в 1250-е годы

«Зубдат ал-фикра» является одним из важнейших восточных письменных источников, отражающих политические процессы на Ближнем Востоке и в Центральной Азии во второй половине XIII века. Данное сочинение позволяет комплексно исследовать политические и военные взаимоотношения, а также культурные связи между государством Ильханов, Мамлюкским Египтом, Румским султанатом и Улусом Джучи. Особенностью данного источника является хронологически последовательное изложение событий и наличие авторской интерпретации, что позволяет рассматривать его как достоверную источниковую базу при изучении истории XIII века. В статье системно анализируются сведения, содержащиеся в источнике, о жизни и политической деятельности Хулагу-хана в 1250-е годы. В частности, рассматриваются процесс его прихода к власти, стратегические направления государственного строительства, география военных походов и их тактические особенности. Наряду с этим анализируется характер и специфика его политических и военных связей с Улусом Джучи, Мамлюкским Египтом и Румским султанатом. В ходе исследования, с учетом особенностей нарратива и авторской позиции источника, выявлены интерпретационные аспекты исторического текста. Сведения «Зубдат ал-фикра» сопоставлены с другими письменными источниками, что позволило определить их содержательные особенности и источниковую ценность. Проведенное сравнение дало возможность установить степень достоверности представленных данных и выявить имеющиеся расхождения. Особое внимание уделено анализу сведений, касающихся взятия Багдада, падения династии Аббасидов и формирования государства Ильханов. Кроме того, в рамках исследования проведен научный анализ ранее недостаточно изученных данных, содержащихся в источнике. Научная новизна исследования заключается во введении в научный оборот ранее недостаточно изученных сведений из сочинения «Зубдат ал-фикра», а также в их источниковедческом осмыслении в контексте политической истории эпохи Хулагу. В процессе работы данные источника впервые переведены на казахский язык, а также определены их содержательные, хронологические и интерпретационные особенности. Результаты исследования позволили уточнить хронологическую точность сведений, относящихся к политической деятельности Хулагу-хана, и по-новому интерпретировать характер его взаимоотношений с Улусом Джучи, Мамлюкским Египтом и Румским султанатом. Полученные выводы также способствуют более глубокому пониманию влияния завоевательных походов XIII века на региональные политические структуры, пересмотру характера политических процессов и интерпретации трансформаций в системе международных отношений. Тем самым становится возможным более полно раскрыть место и роль государства Ильханов в системе международных отношений и в исламском мире.

Ключевые слова: Зубдат ал-фикра, Хулагу-хан, государство Ильханов, Улус Джучи, Мамлюкский Египет, Румский султанат, Байбарс ад-Дауадар, источники XIII века, арабские письменные источники, источниковедение, взятие Багдада, династия Аббасидов, международные отношения.

S.A. Tuleubayeva, Zh.M. Sabitov, A.M. Tashkarayeva

The Work «Zubdat al-Fikra» as a Source for the Study of Hülegü Ilkhan's Life in the 1250s

Zubdat al-Fikra is one of the most significant Eastern written sources reflecting the political processes in the Middle East and Central Asia in the second half of the 13th century. This work provides a comprehensive basis for studying political and military interactions, as well as cultural connections, between the Ilkhanate, the Mamluk Sultanate of Egypt, the Sultanate of Rum, and the Ulus of Jochi. A distinctive feature of this source is its chronologically structured narrative and the presence of an authorial interpretation, which allows it to be regarded as a reliable source base for the study of 13th-century history. The article systematically analyzes the information contained in the source regarding the life and political activity of Hulagu Khan in the 1250s. In particular, it examines the process of his rise to power, the strategic directions of state-building, the geography of military campaigns, and their tactical characteristics. In addition, the nature and specific features of his political and military relations with the Ulus of Jochi, the Mamluk Sultanate of Egypt, and the Sultanate of Rum are analyzed. The study takes into account the narrative features of the source and the influence of the author's perspective, which makes it possible to identify the interpretative dimensions of the historical text. The data from Zubdat al-Fikra are compared with other written sources, allowing for the identification of their content-specific features and source value. This comparative analysis makes it possible to assess the reliability of the information and to identify discrepancies among different accounts. Particular attention is given to the analysis of information concerning the sack of Baghdad, the fall of the Abbasid dynasty, and the formation of the Ilkhanate. In addition, the study includes a scholarly analysis of previously

insufficiently examined data contained in the source. The scientific novelty of the research lies in introducing previously understudied data from Zubdat al-Fikra into scholarly circulation and in their source-critical reinterpretation within the context of the political history of Hulagu's era. As part of the study, the source material has been translated into Kazakh for the first time, and its content-related, chronological, and interpretative features have been identified. The findings of the study make it possible to refine the chronological accuracy of data related to Hulagu Khan's political activity and to reassess the nature of his relations with the Ulus of Jochi, the Mamluk Sultanate of Egypt, and the Sultanate of Rum. The results also contribute to a deeper understanding of the impact of 13th-century military campaigns on regional political structures, to a reconsideration of political processes, and to a more nuanced interpretation of transformations in the system of international relations. This, in turn, allows for a more comprehensive assessment of the place and role of the Ilkhanate within the broader context of the Islamic world and international relations.

Keywords: Zubdat al-Fikra, Hulagu Khan, Ilkhanate, Ulus of Jochi, Mamluk Sultanate, Sultanate of Rum, Baybars al-Dawadar, 13th-century sources, Arabic written sources, source studies, sack of Baghdad, Abbasid dynasty, international relations.

References

- 1 Tizengauzen, V.G. (1884). *Sbornik materialov, odnosiaschikhsia k istorii Zolotoi Ordy. Izvlecheniia iz sochinenii arabskikh* [Collection of materials related to the history of the Golden Horde. Extracts from Arabic works]. Vol. 1. Saint Petersburg: Izdano na izhdivenie S.G. Stroganova [in Russian].
- 2 Porsin, A.A. (2018). *Istoriia Zolotoi Ordy kontsa XIII — nachala XIV vekov v trude Rukn ad-Dina Beibarsa al-Mansuri «Zubdat al-fikra»* [History of the Golden Horde of the late 13th — early 14th centuries in the work of Rukn ad-Din Baybars al-Mansuri “Zubdat al-fikra”]. Kazan: Institut istorii imeni Sh. Mardzhani Akademii Nauk Respubliki Tatarstan [in Russian].
- 3 Porsin, A.A. (2015). Istochnik informatsii Rukn ad-Dina Beibarsa v osveshchenii im mezhdousobnoi voyny v Zolotoi Orde v kontse XIII — nachale XIV vekov [Source of information of Rukn ad-Din Baybars in his coverage of the civil war in the Golden Horde in the late 13th — early 14th centuries]. *Zolotoordynskoe obozrenie — Golden Horde Review*, 4, 29–53 [in Russian].
- 4 Porsin, A.A. (2017). Sledy rannei dzhuchidskoi istoriograficheskoi traditsii v «Zubdat al-fikra» Beibarsa al-Mansuri i «Chingiz-name» Utemisha-khadzhi [Traces of the Early Jochid Historiographic Tradition in Baybars al-Mansuri's “Zubdat al-fikr” and Utemish-haji's “Chingiz-name”]. *Zolotoordynskaia tsivilizatsiia — Golden Horde Civilization*, 10, 240–246 [in Russian].
- 5 Porsin, A.A. (2021). Otvet na retsenzii Zh.M. Sabitova, D.M. Timokhina i V.V. Tishina, posviashchennye knige «Istoriia Zolotoi Ordy v kontse XIII — nachale XIV vekov v trude Rukn ad-Dina Beibarsa al-Mansuri “Zubdat al-Fikra”» [Response to the reviews of Zh. M. Sabitov, D.M. Timokhin, and V.V. Tishin, dedicated to the book «The History of the Golden Horde in the Late 13th — Early 14th Centuries in the Work of Rukn ad-Din Baybars al-Mansuri “Zubdat al-Fikra”»]. *Zolotoordynskoe nasledie — Golden Horde Heritage*, 298–320 [in Russian].
- 6 Timokhin, D.M., & Tishin, V.V. (2020). Retsenzii na knigu: Porsin A.A. Istoriia Zolotoi Ordy kontsa XIII — nachala XIV veka v trude Rukn ad-Dina Beibarsa al-Mansuri «Zubdat al-Fikra» [Book review: Porsin A.A. History of the Golden Horde in the late 13th — early 14th centuries in Rukn ad-Din Baybars al-Mansuri's work “Zubdat al-Fikr”]. *Zolotoordynskoe obozrenie — Golden Horde Review*, 8, 2, 391–410 [in Russian].
- 7 Sabitov, Zh.M. (2020). Interpretatsiia svedenii «Zubdat al-fikra» v nauchnom trude A.A. Porsina [Interpretation of information from “Zubdat al-Fikr” in the scientific work of A.A. Porsin]. *Zolotoordynskoe obozrenie — Golden Horde Review*, 8, 3, 552–562 [in Russian].
- 8 Sabitov, Zh.M., & Tuleubaeva, S.A. (2023). Analiz dostovernosti «kureishitskoi genealogii» Idegeia iz «Dzhami at-tavarikh» Kadyr Ali-beka i traktata «O rode kniazei Yusupovykh» [Analysis of the reliability of the “Quraysh genealogy” of Idegey from “Jami at-tavarikh” by Kadir Ali-bek and the treatise “On the family of the Yusupov princes”]. *Zolotoordynskoe obozrenie — Golden Horde Review*, 11, 2, 453–462 [in Russian].
- 9 Tuleubaeva, S.A. (2024). Trud Emira Rukn ad-Dina Baibarsa al-Mansuri ad-Dauadara «Zubdat al-Fikra fi tarikhi al-khidzra» kak vazhnyi istochnik po istorii pravleniia sultana Baibarsa [The work of Emir Rukn ad-Din Baibars al-Mansuri ad-Dauadar “Zubdat al-Fikra fi tarikhi al-hijra” as an important source on the history of the reign of Sultan Baibars]. *Voprosy vostokovedeniia — Questions of Oriental Studies*, 1, 96–103 [in Russian].
- 10 Vorotyntsev, L.V. (2022). «Idosha ko Batyevi»: «Ordynskaia» diplomatiia Daniila i Vasilka Romanovichei v 40–50-kh gg. XIII v. [“Idosha ko Batyevi”: “Horde” diplomacy of Daniil and Vasilko Romanovich in the 40–50s. XIII century]. *Rusin — Rusin*, 70, 54–71 [in Russian].
- 11 Ivanov, V.A. (2023). Zolotaia Orda glazami sovremennikov i ochevidtsev [The Golden Horde through the Eyes of Contemporaries and Eyewitnesses]. *Zolotoordynskoe obozrenie — Golden Horde Review*, 11, 4, 742–757 [in Russian].
- 12 Shakieva, A.S. (2022). Issledovanie istorii Ulusa Dzhuchi perioda nezavisimogo Kazakhstana [Research of the History of the Ulus of Jochi during the Period of Independent Kazakhstan]. *Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Istoricheskie nauki. Filosofiia. Religiovedenie — Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies*, 1 (138), 126–141 [in Russian].
- 13 Amitai, R. (2001). Al-Nuwayri as a historian of the Mongols. In *The Historiography of Islamic Egypt (c. 950–1800)* (pp. 23–36). Leiden: Brill.
- 14 Richards, D.S. (2001). A Mamluk Amir's Mamluk History: Baybars al-Mansuri and the Zubdat al-Fikra. In *The Historiography of Islamic Egypt (c. 950–1800)* (pp. 37–44). Leiden: Brill.

15 Sidarus, A. (2020). The Mamluk historian al-Amīr Baybars al-Manṣūrī al-Dawādār (d. 725/1325) and his Coptic secretary al-Qiss al-Shams Abū l-Barakāt Ibn Kabar (d. 724/1324). *American Journal of Humanities and Social Sciences Research*, 4 (1), 141–148.

16 Walker, B.J. (2003). Mamluk Investment in Southern Bilād al-Shām in the Eighth/Fourteenth Century. *Journal of Near Eastern Studies*, 62 (4), 241–261.

Авторлар туралы мәліметтер

Самал А. Тулеубаева — филология ғылымдарының докторы, Шығыстану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-0002-8401>

Жаксылык М. Сабитов — PhD, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институтының директоры, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>

Асель М. Ташкараева — PhD, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Жошы Ұлысын зертделеу ғылыми институтының ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0003-0320-0606>

Information about the authors

Samal A. Tuleubayeva — Doctor of Philological Sciences, Professor, Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-0002-8401>

Zhaksylyk M. Sabitov — PhD, Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>

Assel M. Tashkarayeva — PhD, Researcher of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0003-0320-0606>